


# *Оңтүстік Қазақстан Медицина Академиясы*

*Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы*

## *СӨЖ*

*Тақырыбы: Антропоцентризм және ойлаудың жаңа әдістері*



*Қабылдаған: Аширов Ш. А.*

*Группа: В-ЖМҚ«Б»-03-17*

*Орындаған: Құрбанқожа С.*


*Шымкент-2018*

# Жоспар:

- Кіріспе
- Гуманизм
- Франческо Петрарка
- Джованни Пико Дела Мирандолла
- Никколо Макиавелли
- Секуляризация. Деизм мен Пантеизм
- Николай Кузанский
- Николай Коперник
- Джордано Бруно
- Фрэнсис Бэкон
- Томас Гоббс
- Декарт Рене
- Бенедикт Барух
- Джон Локк
- Вольтер
- Жан Жак Руссо
- Дени Дидро
- Әдебиеттер тізімі

# Кіріспе

*Қайта өрлеу бір замандағы, яғни б. з. д. V ғ. шарықтаған грек философиясының, мәдениетінің, өнерінің, әдебиетінің 1500 жыл бойы қыспақта болып, енді жаңадан жаңғырып оралуын білдіреді «Ренессанс» – «Қайта өркендеу», жандану, жандандыру, қайта даму, қайта туу. Қайта өркендеу деп — Батыс пен Орталық Еуропадағы мәдениеттің XIV-XVI ғғ. даму кезеңін айтады. Бұл кездегі ойшылдар шіркеу догмалары мен Орта ғасырлардағы адам тағдырының Құдай ырқына тәуелді екендігі туралы түсінікке күмән келтіреді. Адамды әлем мәселелерінің ортасына қойып, олар оның өзін ғана емес, сонымен бірге іс-әрекеттерінің де мәнін жоғары көтерді. Қайта өрлеу дәуірінің негізгі сипаты, оның адамға бағытталуы болды. Ежелгі антикалық философтар дүние ортасына күш-қуат берген, рух, жігер туғызатын Космосты, орта ғасырда Құдайды, Қайта өрлеу дәуірінде адамды қойды. Сондықтан, қайта өрлеудің ерекшелігі— антропоцентризм. Енді зерттеудің орталық мәселесі — Құдай емес, адам болды. Адамның әлемдегі орны, оның бостандығы, тағдыры Леонардо да Винчи, Микеланджело, Эразм Роттердамский, Николло Макиавелли, Томас Мор, Мишель де Монтень секілді ойшылдарды толғандырды. Адам мен оның тағдырына, шығармашылық бастамасына тұрақты көңіл аударғаны үшін, оларды «гуманистер» деп атады. Гуманизм қайта өркендеу дәуірінде дін мен феодализм құрсауынан адам баласын босатып, еркіндікке жетелеуді мақсат еткен әлеуметтік қозғалыс.*



*«гуманизм» терминін (латынның humanitas — адамшылық) белгілі Римнің саяси қайраткері, Цицерон б.з.д I ғасырда қолданды. Оның ойынша humanitas — адамның тәрбиесі және білімі, оның жоғарғы дәрежеге жетуіне мүмкіндік туғызады. Адамның рухани табиғатының жетілуінде негізгі рөл грамматика, риторика, поэзия, тарих, этика пәндеріне беріледі. Атап айтқанда, ренессанс мәдениетінің теориялық негізі — осы пәндер. оларды studia humanitas (гуманитарлық пәндер) деп атады.*





Гуманизмнің негізін қалаушы – ақын, философ Франческо Петрарка (1304-1374 жж.). Өз ығармаларында католик шіркеуінің хани қыспағынан құтылуға ұмтылуды, адамдардыңстандығы туралы идеяны қозғады. Петрарка антикалық мұраны бағалауда жаңа тәсіл қолданды. Ол өлең, өнер, ғылымның жаңа сатыда дамуы үшін, негізін қалаушылардың ойына еліктеуден гөрі, антикалық мәдениеттің жоғарғы сатысына ұмтылуды, сонымен бірге қайта ой толғай отырып кей жағдайда одан басым болуға шақырды. Петрарка салған жолда антикалық мұра, гуманизмнің жетекшісі болды. Қайта өрлеу — дәуірдің басты субъектісі ретінде адамды қойды.



## *Джованни Пико Дела Мирандолла*

*(1463-1494 жж.). Шіркеу қағидаларына қарамай, ол адамды құдай өзіне ұқсас етіп жаратпаған, адам өзін-өзі жасаған деді. Адам бойындағы ізгі қасиеттерді биік дәрежеге көтеру, абыройын қорғау — әр адам алдына қойылған мақсат, ол оның ғана жетістігі мен бақыты болып есептеледі.*



*Никколо Макиавелли (1469-1527 жж.)  
Қайта өрлеу дәуіріндегі  
әлеуметтік- философиялық ойлау өкілі,  
орта ғасырлардағы Құдайдың  
бәрін алдын ала болжау концепциясын  
«фортуна» (кез, бақыт) Идеясымен  
ауыстырды. Адамды қажеттілікке  
байланысты  
әрекеттенуге, пайда болған жаңа  
жағдаймен санасуға шақырды.  
Тағдыр адамды жартылай билейтіндіктен,  
қалыптасқан жағдаймен күресу керек дейді  
ол. Фортунамен бірге ол тарихтың  
қозғаушы күші ретінде Виртун (virtu) –  
адамның жігерлігін, іскерлігін талантын  
іске асыру терминін енгізді.*

*Жалпы алғанда, қайта өрлеу философиясында гуманистік дәстүр, тек қана антикалық мұрамен емес, рухани және христиандықпен де көп байланысты болды. Феодалдық қоғам ішінде өндіріс пен ғылымды дамытуға мүдделі болған күштер пайда бола бастады. Бұл жаңа туып келе жатқан буржуазия еді, олар феодалдық тәртіптерге, дін іліміне және схоластикалық философияға қарсы шықты. Шіркеудің зорлық зомбылықтарына қарсы батыл күрес, әсіресе XV-XVII ғасырларда, Қайта өрлеу дәуірінде күшейе түсті.*

*Жаңа құндылықтар жүйесі пайда болды, алғашқы болып адам және табиғат, одан кейін ғана дін және оның мәселелері тұратын болды. Бұл дәуірдің тағы бір ерекшелігі – ренессанстық мәдениет пен философияның дінді ғылымнан, саясаттан, моральдан бөлуі (секуляризациялануы) болды.*

*Секуляризация – қоғамның, адамның дін ықпалынан арылуы, шіркеу меншігінің мемлекеттік меншікке ауысуы.*



*Осы кезде жаңа философиялық бағыттар пайда болды. Олар деизм мен пантеизм. Деизм — әлемді Құдай жаратқан, бірақ күнделікті қоғам өмірі мен табиғат дамуына оның қатынасы жоқ дейтін діншіл философиялық ағым. Деизм — аспандағы «парламентаризм». Деистердің көбі әлем туралы өз түсініктерін жаратылыстану ғылымының жаңа салаларында қалыптастырды. Діннен ғылымның тәуелсіздігін қорғады.*

*Пантеизм — (pan — бәрі және theos — құдай) — Құдай мен әлем біртұтас деп танитын, Құдіретті табиғатпен балаған философиялық*




*Осы бағыттың өкілі католик шіркеуінің қайраткері, кардинал, Германия легаты, атақты философ — Николай Кузанский (1401-1464), шын аты — Кребс. Ол «Білместік ғылымдары туралы», «Шығу тегі туралы», «Мүмкіндіктің болмысы туралы», «Жер шарының айналуы туралы» еңбектерін жазды.*

*Ол әлем дүниесі мен Құдай бір бүтін деп, жаратылыстану ғылым зерттеулерін құптады, яғни рационалдық білімді қолдады әрі адамның бұл қызмет саласына діннің араласпауы керек деді. Дүниені Құдай жаратқан, бірақ дүние шексіз, материалды және қарама-қарсылық арқылы қозғалады. Адамды Н. Кузанский аса жоғары сатыға қояды. Сонымен бірге Құдайдың адамға қатысы барлық құбылыста, ең алдымен табиғатта бар деп есептейді. Құдай – әлемнің ортасы және оның шегі. Ол бүтін, ал дүние әлемі – оның бір бөлігі. Дүние әлемі Құдайда жиналады және Құдай оны әлемге айналу барысында күшейтеді. Ақиқат — барлық кезде таным процесі, Құдайға жету. Дүниенің бәрін, адамды да құдай жаратты, бірақ Кузанский пантеистік пікірді дамыта отырып, Жаратушының өзін табиғат деп, Құдайды аспаннан жерге түсірді, шын мәнінде Жаратушының рөлін жоққа шығарды.*




*Николай Коперник (1473-1543 жж.) поляк астрономы, әлемнің гелиоцентрлік жүйесін жасаушы. Негізгі еңбегі – «Аспан денелерінің айналуы туралы». Схоластар және шіркеу өкілдерінің орта ғасырлық дәстүріндегі Аристотель – Птолемеидің геоцентристік теориясына қарсы шықты. Жердің күнді айналуы және жердің бір тәулік ішінде өз кіндігін айналып шығуы туралы теориясын ежелгі грек ғалымы, Аристрах Самоскийдің пікіріне сүйеніп ұсынды.*



- Жер әлемнің орталығы емес. Күн жерге қарағанда ортада тұр, Жер Күнді айналады;*
- Барлық ғарыштық денелер өзінің траекториясы бойынша жылжиды. Ғарыш шексіз;*
- Ғарыштағы процестер, табиғи көзқарас бойынша түсінікті, «қасиеті» қағидалар мәтінінде түсініксіз.*



## Джордано Бруно



(1548-1600 жж.). Оның орталық категориясы біртұтастық, ол бір мезгілдегі болмыстың болу себебі жоқ болмыс заттарының өзі. Бруно: «Табиғат деген ол заттардағы құдай, табиғаттың өзі құдай не құдай заттардың ішінде», - дейді. Тұтастық материя түрімен үйлеседі, ал руханилығы денемен сәйкес болады. Материяға келетін болсақ, ол бұл жағдайда әлемдік заттардың басы мен соңы болады. Онда түр пайда болып және жоғалады, материяның өзі мәңгілік, «себепсіз себеп» бола береді. Табиғат өздігінен табиғи қозғалыста болады. Күн жерге қарағанда ортада, бірақ әлем дүниесінің ортасы емес, әлем – шексіз. Әлем дүниесі галактикадан тұрады. Барлық аспан денелері және ондағы бардың бәрінің қозғалу қасиеті бар. Әлем дүниесінен бөлек құдай жоқ. Бруноның көзқарасын шіркеу идеологтары аса жек көрді. Ол 1592 жылы түрмеге жабылды. Инквизация одан өз көзқарасынан бас тартуды ұсынды. Ол көнбеді. 1600 жылы Римде Орталық «Гүл» алаңында оны отқа өртеп жіберді. Негізгі еңбектері: «Себептілік бастама және біртұтастық туралы», «Әлемнің және заттардың шексіздігі туралы».

*XVII ғасырда материализмнің жаңа отаны, Англия болды. Бұл буржуазиялық революция жасаған алғашқы елдердің бірі еді. Жаңа заман материализмінің негізін салушы, схоластикаға қарсы шыққан Фрэнсис Бэкон (1561-1626). Ол Жаңа Заман материализмі мен тәжірибелік ғылымының негізін қалаушы, «білім – күш, күш – білімде» деген қағиданы насихаттады. Оның еңбектері: «Ғылымдар табысы;», «Жаңа Органон», «Жаңа Атлантида».*



*Ф. Бэкон Лондонда жоғарғы қызметкердің отбасында дүниеге келді. 20 жыл бойы оның әкесі мөр сақтаушы болып, өмірінің соңына дейін мемлекет орындарында қызмет атқарады. Шешесі Анна Кук өте білімді болған, ежелгі грек, латын тілдерін, теология және өнерді терең білген. Ағылшын тіліне бірнеше діни шығармаларды аударды.*

*Бэконның өзі 1573 жылы Кембридж колледжін бітірді. Лорд - канцлер дәрежесіне жетті. Ол Аристотель, Платон, Софокл, Эврипид, т.б. ойшылдардың еңбегін оқып, зерттеді. Оларға сыни көзбен қарады.*

*Бэкон ақиқатқа жету үшін адам ақылында кездесетін жалған пікірдің әр түрлерінен, идолдардан елестерден құтылуды ұсынды. Ол елестердің 4 түрін көрсетті:*

*1. «Тектік» елестер. Ол адам табиғатының өзінен, адам ақылы мен сезім мүшелерінің жетілмеуінен шығады.*

*2.«Үңгір» елестері. Ол адамның қоршаған дүниені субъективтік қажеттілік түрде қабылдауымен байланысты.*


*3.«Нарық» (немесе базар алаңындағы) елестері, ол дұрыс емес не дәл емес сөздердің нәтижесінде туады.*


*4.«Театр» елестері беделге, соның ішінде дәстүрлі философиялық жүйелерге сөзсіз сенуге негізделген.*



*Елестерді жоюдың негізгі құралы — тәжірибеге жүгіну және нақты деректерді ғылыми әдіспен талдау дейді. Мұндай бағыты — эмпиризм деп атайды. Ақиқат әдісті таңдау проблемасын Бэкон аллегориялық (әдебиетте, өнерде дерексіз ұғымды деректі, нақты бейнелер арқылы көрсету), әсіресе мысалдарда, ертегілерде көп қолданылатын әдіс-тәсілдермен шешеді. Оның пікірінше, танудың үш жолы бар: өрмекші, құмырсқа және ара жолдары.*

**PHILOSOPHY.COM.UA**





*Томас Гоббс (1588-1679 жж.) 6 жасында латын және грек тілдерінде сөйлеп, өте ерте Оксфорд университетіне түседі. Негізгі еңбектері: «Азамат туралы философиялық ілімнің бастапқы негіздемесі», «Левиафан». Ол теологиялық схоластиканы жоққа шығарды. Философияның мақсаты: адамның іс-әрекетінің практика жүзінде нәтижеге жетуіне және ғылыми-техникалық прогрестің дамуына мүмкіндік туғызу. Гоббс дүние денелерден тұрады, денесіз субстанцияны мойындау – денесіз дене бар, дегенге сай. Денелер материяның туындысы. Танымның әдісі ретінде Т. Гоббс индукция мен дедукцияны қолдануды ұсынады. Адамның дүниені тануы, сезімдік қабылдау арқылы іске асады. Бұл сезім мүшелері (көз, құлақ, т.б.) арқылы қоршаған орта туралы алынатын шартты белгіні ары қарай өңдеу. Бұл белгілерді Гоббс «таңба» деп атайды.*



*Декарт Рене (1596-1650 жж.). Ол философияның, физиканың, математиканың және физиологияның дамуына үлкен әсер етті. Декарт – дуализм мен рационализмнің өкілі. Дедуктивтік – рационалистік таным әдісінің негізін қалады. Геометриялық оптиканы, аналитикалық геометрияны, координаттар жүйесін жасады, рефлекс идеясын ұсынды. Космологияда (дүниенің құрылымы), космогонияда (планеталардың пайда болуы және дамуы), физика және физиологияда Декарт – материалист. Ол дүниенің өздігінен жаралғанын, оның объективті даму заңдылықтарының бар екенін, бірақ олардың механикаға негізделгенін айтты. Психологияда, таным теориясында ол идеалист – «Мен ойлаймын, олай болса өмір сүремін» I (Cogito, ergo sum) – деген қағидаға сүйенеді.*

*Декарттың көзқарасы бойынша философияның «негізгі мәселесінің» шешілуіне байланысты не бірінші – материя немесе сана деген пікір таласының жөні жоқ. Олар әр уақытта бірге өмір сүреді және біртұтас болмыстың әртүрлі көрінісі. Бұл дуалистік ілім. Дуализм – дүниенің негізі бір-біріне бағынбайтын теңе-тең екі нәрседен – Рух пен материядан басталады деп, материализм мен идеализмді үйлестіруге тырысатын ағым.*



*Бенедикт Барух, (1632-1677 жж.)*

*Спиноза ауқатты еврей отбасында, Амстердам қаласында дүниеге келді. Әкесі қаланың бай судагері еді. Ол баласын діни училищеге берді, онда ол зеректігін көрсетті. Декарттың шәкірті ретінде, рационалистік бағытты ұстанды. Ол өзінің философиясында одан көптеген ұғымды, әсіресе екі*



*бастаманы – ойлау мен ұзындық ілімін алды. Декарттан Спинозаның ерекшелігі – заттардың табиғатында екі субстанцияның жоқтығын көрсетуі. Спиноза философиясының түп негізгі – субстанция, оны Құдай, жиі-жиі Табиғат деп атайды. Субстанция, Құдай, Табиғат – өзара ауысып отыратын түсінік. Субстанцияда екі атрибут (қасиет) бар: ойлау және ұзындық. Спиноза – монизмді жақтай отырып, субстанцияның материалдық сипатын көрсетеді. Дүниедегі заттар - табиғат модустары (түрлері). Модустар дүниесі, субстанцияның жай-күйі мен іс-әрекеттері қозғалыста болады.*

*Джон Локк (1632-1704 жж.) Бэкон мен Гоббстың философиясын жалғастырды. Негізгі еңбегі: «Адам ақылының тәжірибесі туралы» (1690 ж.). Ол Р. Декарттың «туа біткен» идеясын жоққа шығарды.*

*«Жаңадан туған жанның санасы – таза тақта, ол тәжірибе арқылы толтырылады. Барлық білім тәжірибеге сүйенеді» – оның негізі тезисі. Бұл материалистік эмпиризм, сенсуализм ағымы.*

*Тәжірибенің екі түрі бар: сыртқы және ішкі тәжірибе. Біріншісі – сезім, екіншісі – рефлексия. Сезім идеясы – бастапқы сырттан келге құбылыс. Рефлексия – сананың өзінің ішкі психикалы күйіне ой*



*жүгіртуі. Сезім идеясы арқылы біз заттардың сапасын білеміз. Ол екеу: бірінші сапалы идеялар – денелердің түрі, саны, орны, қозғалысы, салмағы, көлемі, т. б. Қасиеттері. Бұларды объективтік шындықта қандай болса, тура сол күйінде қабылдаймыз. Екінші сапалы идеялар: денелердің иісі, түсі, дәмі, т. б., бұларды субъективтік тұрғыдан қабылдаймыз. Оның сапаны осылай талдап зерттегені – үлкен ғылыми ілгері басқандық болды.*

*Жаңа Заман философиясында XVIII ғ. ерекше орын алған бағыт, азартушылық кезең. Көрнекті өкілдері: Францияда – Вольтер, Ж. Руссо, К. Гельвеций, Ж. Ламетри, Д. Дидро, П. Гольбах Германияда – Лессинг, И. Гердер, Англияда – Д. Докк, Д. Толланд, Д. Юм.*



*Азартушылық кезеңдегі ойшылардың бәрін қайта өрлеу дәуіріндегі адамның шексіз мүмкіндігіне сену, өмірді ақылға сүйеніп өзерту, жаңа ғылым жетістігіне ұмтылу біріктіреді. Азартушылар шіркеуді, дін ұстанымдарын сынап, абсолютизм мен метафизикаға қарсы шықты.*


*Дін атаулының бәрі - надандықтың, жоққа нанудың және қаталдықтың ертедегі ескерткіші деді Гольбах. Олар қоғам өмірінің барлық жағын реформалаудың тиянақты концепциясын қарастырып, қоғамдық игілікке бағыттады. Олардың бар көңілі белсенді әрекеттенуші адамға, оның дүниені танып өзгертуіне, ақылға сүйеніп, әлемнің қожасы болуына арналды.*



*Француз ағартушыларының өкілі  
Вольтер (1694-1778 жж.)  
жазушы, философ және публицист. Аса  
қатаң түрде шіркеуді сынады,  
оны үстем таптың мүддесін қорғаушы,  
ғылым мен білімнің жауы деп санады. Ол  
әрекетсіз оптимизмге күлді, еркін  
ойшылдыққа, өз бақыты үшін күресетін  
іскер адам болуға шақырды. Ол материяның  
мәңгілік және таралмайтындығы, тәуелсіз  
өмір сүретіні әрі мәңгі қозғалыста  
болатыны, табиғи және қоғамдық  
құбылыстардың себептілікке  
бағынатындығын мойындады.*



*Жан Жак Руссо (1712-1778 жж.)  
феодалдық қоғамды қатаң  
сынады, адам теңдігін, демократияны,  
азаматтық қоғам идеяларын  
дамытты. Теңсіздікті жекеменшіктен  
көрді, Гоббстың табиғи жағдайда  
«бәрінің барлығымен күресін» сынап, ол  
кезде керісінше бауырластық  
пен үйлесімдік болғанын дәлелдейді.  
Педагогика ғылымының теоретигі,  
еңбек арқылы белсенді азаматтарды  
тәрбиелеуге шақырады. Оның  
«Қоғамдық келісім» (1762), атты  
еңбегі бар.*





*Ағартушылық кезеңде француз материалистері қоғамда ерекше орын алады. Дени Дидро (1713-1784 жж.) материя мен қозғалыстың бірлігін қуаттап, абсолюттік тыныштықты қолдамады. Барлық табиғат мәңгі қозғалыс пен дамуда болады, «қозғалыс – материяның өмір сүру тәсілі» деген идеяны қолдады. Ол адамды сезгіштік пен ес дарыған құрал-сайманға ұқсатады. Адам санасы барлық материяға тән бейнелеу қасиетінің жоғарғы формасы деп, диалектикалық болжам айтты. Агностицизмді сынап, дүниенің танылатынын жақтады. Француз материализмі метафизикалық деңгейде қалғанымен, механистицизмнен толық арылды деуге болады.*



*Ағартушылар — «адамның мінез-құлқы мен қылықтарына қоғамдық орта мен тәрбиесі жауапты» – деген өте прогресшіл қағида ұсынды. Адамды қоғамдық орта қалыптастырады. Осыдан —ағартушылар адамды, оның мінез-құлқын өзгерту үшін, ең алдымен ортаны өзгерту керек деген революциялық қорытынды шығарды. Ағартушылар философиясы XVIII ғасырда ең прогресшіл философия болды. Ол қазіргі замандағы табиғаттану ғылымы мен қоғамдық ғылымның дамуына зор әсер етті.*

## *Әдебиеттер тізімі*

- Кішібеков Д., Сыдықов Ұ. Философия. Алматы, 2003.
- Мырзалы С. Қ. Философия әлеміне саяхат. – Қостанай, 2000.
- Әбішев Қ. Философия. Алматы. Ақыл кітабы, 2001
- Философия Ғабитов. Т. Алматы. Раритет. 2003
- Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Философия тарихы. Алматы, 1999
- Алтаев Ж., Касабек А., Мухамбетәли Қ. Философия тарихы. Алматы, 2000.

Назарларыңызға рақмет!!!